

Тәуелсіздік - тұғырым

Осы апта ұлан-ғайыр даламызда ұлыстың ұлықүні Тәуелсіздіктің 22 жылдығы тойланды. Ақмешіт ауылында да Тәуелсіздік мерекесі 14 желтоқсаннан бастау алды. 14 желтоқсан күні ауылдық модельдік кітапханада студенттер мен оқушылардың белсене қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Сонымен қатар іс-шараға қатысушылар Елбасының сара жолын баян ететін «Назар-

жекпе-жегіңде әкім аппараты мен мектеп ұжымынан құралған команда 1 орынды иеленді.

16 желтоқсан күні білім беру ошағында мектеп басшылығының, мектеп ұжымының және оқушыларының күшімен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында Тәуелсіздік күніне арналған кітаптар мен оқушылардың өздері



салған сурет көрмесі өтті. Көпшілік назарына концерттік бағдарламаға сай көріністер көрсетіліп, әндер шырқалып, биленді.

Біреуге бағынбай, еркін ғұмыр кешу - ұлт үшін басты бақыт. Сондықтан әр мемлекеттің тарихы тәуелсіздік жолындағы күреске толы. Қазақтың өткені де сондай. Ұлы тұран дала-

сыңда талай соғыс болса, соның барлығы

тәуелсіздік үшін болды. Ұзаққа созылған тәуелсіздік жолындағы күрес 1991 жылмен түйінделеді. Басқаны қайдам, 1991 жыл - қазақ үшін қастерлі кезең болды. Енді, жас мемлекетіміздің бақытқа толы алтын беттері ашылып, тарихи маңызы зор оқиғалар мемлекетімізді жаңартуда. Мәңгі еліміз бірлік пен татулықта өркендей берсін!

«баев Life» фильмін тамашалады. 15 желтоқсанда «Альдеран» ШҚ демеушілік қолдауымен, спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Шахмат, шашки, қазақ күресі, волейбол сынды спорттық түрлерден өткен сайысқа оқушылар, студенттер, ауыл әкімі аппараты мен ұстаздар қауымы белсене қатысты.

Шахмат ойынында Мұрат Калуетов ағамыз 10 оқушымен бірден ойнап, шеберлік сынып көрсетті. Волейбол сайысынан студенттер, оқушылар және әкім аппараты мен мектеп ұжымының бірігуінен құралған командалар

Н. Сүлейменова,
Ақмешіт ауылы